

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті**  
**6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Сатылханова**  
**Гульмира Алихановнаның «Қазақ новеллаларындағы детальдың**  
**көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**  
**рецензент М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас**  
**ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор**  
**Пірәлі Гүлзия Жайлауқызының**

## **ПІКІРІ**

**1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы.**

Әлемдік әдебиеттануда көрініс тапқан жаңа интеллектуалдық идеялар мен ғылыми теориялық пікірлер зерттеушілерден тың талпыныстарды, соны ізденістерді талап етеді. Әр кезеңнің өз рухани сұраныстары болатынын ескерер болсақ ұлттық әдебиеттану ғылымындағы мәселелерді де бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан жаңаша сараптаудың, кешегі кеңестік кезеңде социалистік реализм талабы тұрғысынан талданған туындыларды таза көркемдік талап пен шарт негізінде интерпретациялау міндеті қойылып отыр. Қазіргі гуманитарлық ғылымда өзекті мәселе болып табылатын ұлттық сөз өнеріндегі новелла жанрының осы күнге дейін арнайы ғылыми айналымға түспей келген көлеңкелі тұстарын тауып, жаңа көркем мәтіндер негізінде зерттеу нысанына алған Сатылханова Гульмира Алихановнаның «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациясы бұл тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығын айқындайды. Әсіресе новелла мен әңгімені оқырмандар ғана емес зерттеушілердің өздері шатастырып, жанрлық ерекшеліктері мен өзіндік сипаттарының ара жігін ажырата алмай жүргендіктен бұл даулы мәселені жүрексіңбей баруының өзі ізденуші мен ғылыми жетекшісінің ғылыми принциптерінің нақты әрі батыл екендігін көрсетеді.

Диссертанттың алғашқы «Новелла жанрындағы деталь: табиғаты, көркемдік мәні мен қызметі» деген тарауда осы екі жанрдың ғылыми теориялық анықтамалары мен жанрлық ерекшеліктерін, табиғатын анықтап, бүгінге дейінгі осы тақырып төңірегінде жарияланған ғылыми еңбектер мен кәсіби мамандар пікіріне кеңінен тоқталып, ара-жігін ажыратып алуға тырысқан. Әлемдік және қазақ әдебиеттану ғылымындағы новелла жанрының генезисі, оның қалыптасып дамуы жолындағы ғылыми ізденістер мен теориялық тұжырымдар, яғни диссертацияның ғылыми аппаратының бай болуы диссертанттың тақырыпты меңгерудегі тынымсыз талпынысын танытады.

Диссертациялық жұмыста жан-жақты талданған новелла жанрының табиғаты мен ондағы деталь мәселелерінің бүгінгі қазақ прозасында көрініс

табуы ұлттық сөз өнерінің даму үдерісімен үзеңгілес қарастырылып, оның алғы шарттары мен даму заңдылықтары бүгінгі ғылыми теориялық еңбектерге қойылатын талап деңгейінде жазылған. Диссертант Г.А.Сатылханованың «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациялық жұмысы әлемдік деңгейдегі гуманитарлық ойлар мен жаңашыл үлгілерді қазақ мәтіндері негізінде зерделеу болып табылады. Бұл мәселе әдебиеттанудың жаңашыл мүмкіндіктерін іздеуге, олардың ұлттық сөз өнеріндегі өрісі мен даму барысын анықтауға, жанрлық, стилдік, түрлік ерекшеліктерін, т.б. бір тақырып төңірегінде жүйелеп, жинақтап, талдап, таразылауды талап етеді.

Қазіргі қазақ қаламгерлерінің шығармашылық ізденісі мен тәуелсіздік тұсындағы еркін ойлы әдебиеттің даму үдерісіне үлкен көркемдік ықпалын тигізген М.Мағауиннің «Күтпеген кездесу», М.Айымбетовтің «Ұйқысыз түн», Қ.Мүсіреповтің «Қызғаныш», Т.Рахымжановтың «Әке көңілі атқан таңдай», Қ.Әлімнің «Диірменде», Ө.Күмісбаевтың «Айтылмаған ән», А.Есалидың «Құндыз бөрікті кісінің құпиясы», И.Әйменнің «Ұзақ қыстың ақырғы таңы», Қ.Найманбаевтың «Арашашы», «Домбыра сазы», т.б шығармалары мен новелла жанрының қазақ прозасындағы көшбасшылары Ы.Алтынсарин, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Ерубаев, О.Бөкей сынды көрнекті суреткердің туындыларының қайта осы жанрдың табиғаты тұрғысынан жаңаша зерделеніп, интерпретациялануы да бұл еңбектің жаңашылдығын көрсетеді. Және бір диссертациялық жұмыста 41 қаламгердің 93 новелласы талдануы да ізденушінің өз тақырыбына адалдығын, құштарлығын көрсетеді.

## **2.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Біріншіден, диссертациялық жұмыстың негізгі нысанына алынған жазушылардың жаңа туындылары осы күнге дейін зерттелген ғылыми еңбектерде зерттелінбеген тың материалдар, ал бұрын талданып жүрген Ы.Алтынсарин, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, О.Бөкей, т.б суреткерлердің диссертацияда талданған шығармалары бір ғана новелла жанры және оның ішінде тек көркемдік деталь категориясы мәселелері тұрғысынан зерттелген. Диссертацияда талданған новелла жанрындағы көркем мәтіндердегі деталь түрлерінің көріністерін, олардың көркемдік қызметтері мен міндеттерін зерделеу, т.б. секілді күрделі ғылыми мәселелер диссертациялық жұмыста бүгінгі әдебиеттану ғылымының шарттары мен талаптарына сай талданып, тұжырымдалған. Диссертациялық жұмыс өте сауатты әрі кәсіби тұрғыдан жазылғандығына күмән туғызуға болмайды.

Екіншіден, диссертациялық жұмыстың басты нысаны болған новелла жанрының фаблио, мысал, халық ертегілері, т.б. сынды күрделі көркемдік категориялары мен әдеби ұғымдары қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет арнайы ғылыми мәселе ретінде қарастырылады. Қазіргі прозадағы новелланың жаңа көрінісі тың көркем мәтіндер мысалында талданып, оның

ұлттық сөз өнеріндегі ерекшеліктері мен әр суреткердің қолтаңбасына тән өзіндік өрнектерімен бағалануы, сөз жоқ, ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған ғылыми нәтижелері мен теориялық тұжырымдары, қорытындылары негізінде нақтыланған.

Ізденуші өз тақырыбана қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен жан-жақты танысып, саралап, ол еңбектерді өз зерттеуінде кеңінен әрі сауатты пайдалана білген. Зерттеу жұмысының тілі жатық, ғылыми жаңалығы бар.

### **3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы - қазақ әдебиеттану ғылымында көбінде әңгіменің көлеңкесінде қалып, жеке жанр ретінде танылып, зерттелмей келген новелла жанрының өзіндік өрнегі мен табиғатын ғылыми теориялық тұрғыдан танытып, нақты көркем мәтін мысалдарында талдап, таразылап, тұжырымдап, бір тақырып төңірегінде жүйелеп, жинақтап беруінде.

Диссертациядағы тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі – новелла жанрында көрініс тапқан детальдың кейіпкер образы мен оның жан әлеміндегі психологиялық сезімдік, эмоционалдық құбылыстарды бейнелеудегі көркемдік қызметі мен міндетін айқындап беруі арқылы көрінеді.

Диссертацияда кеңінен талданған деталь, оның заттық, тұрмыстық, пейзаждық, портреттік, іс-қимыл, тілдік, т.б түрлерінің талданған көркем шығармалардағы көркемдік қызметінің новелла жанрындағы туындылары арқылы ұлттық әдебиеттану ғылымында алғаш рет зерттелуі де ғылыми еңбектің жаңалығы болып есептеледі.

Ізденушінің диссертацияда қолданған портреттік деталь түрлері- статикалық және динамикалық детальдардың қазақ прозасында көрініс тапқан үлгілерін алғаш рет зерттеу нысанына алуы да ғылыми жұмыстың жаңалық дәрежесін көрсетеді.

Портрет классификациясының формалары болып табылатын дерексіз портрет, көркем портрет, пластикалық портрет, архитектуралық портрет, мінездемелік портрет, типтік портрет, шаржалған портрет деген әдеби ұғымдарды да ғылыми айналымға енгізіп, нақты мысалдар негізінде талдап, ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, енгізуі ғылыми тұжырымдардың шынайылық дәрежесін айқындайды.

### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Диссертацияда зерттеліп, жүйеленіп, нақтыланып, ғылыми айналымға енген - пейзаждық деталь түрлері - «идеалды» пейзаж, «мұнды» және «түнерген» пейзаж, «маңғаз» пейзаж деген қазақ әдебиеттануында көп қолданысқа ие болмаған әдеби түсініктер мен категориялардың көркем мәтін мысалында талданып, дәлелденіп, нақтыланып, ғылыми тұрғыдан белгілі

нәтижеге ие болуы ұлттық ғылымдағы бір жанр төңірегіндегі жаңалық ретінде қолданысқа енуі әдебиетті оқытуда, оның жанрларының тарихы мен табиғатын зерттеудегі өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталатындығын көрсетеді.

Зерттеушінің жариялаған мақалаларында зерттеу нәтижелерінің көрініс табуы ғылыми жұмыстың практикалық мәнділігін көрсетеді. Зерттеу жұмысы барысында докторанттың қол жеткізген нәтижелерін жоғары оқу орнының студенттеріне «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Көркем мәтінді талдау» және «Әдебиеттану» мамандығында білім алушыларды оқытуда «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәндерінде пайдалануға болады.

Ізденушінің зерттеу еңбекте қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Зерттеудің теориялық нәтижелерін гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда; сондай-ақ филолог, әдебиеттанушы мамандарға қажетті көмекші оқу құралдары ретінде пайдалануға болады. Және магистрлер мен докторанттардың ғылыми ізденістеріне бағыт-бағдар беретін дәрістер жинағы ретінде де пайдалануға болады.

#### **5.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.**

Г.А.Сатылханованың зерттеу тақырыбы бойынша диссертацияның негізгі қағидалары мен тұжырымдары отандық және шетелдік халықаралық ауқымдағы ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда, алыс-жақын шетелдік басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланған.

#### **6.Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер мен ескертпелер.**

Ғылыми жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбектің мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сай рәсімделген.

Дегенмен диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, рәсімделуіне қатысты төмендегідей кемшіліктерді де атай кеткен жөн:

- зерттеу жұмысы барысында деталь қызметін көрсетуде тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген новелла үлгілері жиірек ұсынылса;

- жұмыс барысында стильдік, орфографиялық қателіктер кездесетіндігі байқалды.

Алайда, аталған сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, теориялық құндылығына нұқсан келтірмейді.

**7.Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Қорыта келгенде, Сатылханова Гульмира Алихановнаның 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын оның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, Сатылханова Гульмира Алихановнаның 6D021400 - «Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

**Рецензент:**  
**филология ғылымдарының**  
**докторы, профессор**  
« 09 » 10 2019ж.



**Г.Ж. Пірәлі**

*Г.Ж. Пірәлі* қолын  
растаймын к/б. аға инспекторы  
09 » 10 2019ж. Подпись *Г.Ж. Пірәлі*